



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

12 қыркүйек 2018 жыл

### **KASE есептесуі АҚШ долларымен еурооблигациялардың сауда-саттықтарын іске қосады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап есептесуі АҚШ долларымен листингілік еурооблигациялардың сауда-саттықтарын іске қосады.

Биржада есептесуі АҚШ долларымен еурооблигацияларының сауда-саттықтарын ашудың мақсаты, валютаны қосымша айырбастау процедурасын өткізбей, шетел валютасымен номинацияланған, борыштық бағалы қағаздардың сауда-саттықтары мен есеп айырысуына жеке және заңды тұлғаларға рұқсаттама беру болып табылады.

Қазіргі кезде, шетел валютасымен номинацияланған, листингілік борыштық бағалы қағаздар Т+0 сызбасы бойынша қазақстандық теңгемен есептесіп және өтінім бергенге және мәміле жасасқанған дейін активті алдын ала толық жеткізу шартымен саудаланады.

Есептесуі АҚШ долларымен еурооблигацияларының сауда-саттықтары сауда-саттық жүйесінің жеке нұсқасында Т+2 сызбасын қолданумен және сауда-саттық күнінің нәтижесі бойынша клиринг өткізумен жүзеге асырылады. Осы сызба жартылай қамтумен мәмілелер жасасуға мүмкіндік береді. Бұл ретте есеп айырысуға арналған активті жеткізуді сауда-саттыққа қатысушысы есеп айырысу күнінің (мәміле жасалғаннан кейін екінші күні) сағат 17.00-ге дейін жүзеге асырылуы тиіс.

Сауда-саттық жүйесінің жеке нұсқасында аурооблигациялар бойынша бір күндік репо операцияларын жүзеге асыру мүмкін болады. АҚШ долларымен жасалған осы операциялар еурооблигациялармен сату-сатып алу мәмілелерімен, сауда-саттық жүйесінің осы нұсқасында бірыңғай клирингке қатысады.

Сауда-саттыққа қатысушылардың бірі өз міндеттемесін орындамаған жағдайда, туындайтын еурооблигациялар бағасының өзгеру тәуекелін жабу мақсатында маржалық қамту (мәмілені жартылай қамтамасыз ету) қолданылады, осының рөлін Орталық депозитарийде сауда-саттыққа қатысушының шотында тұрған, шетел валютасы (АҚШ доллары) және еурооблигациялар атқаруы мүмкін.

Т+0 сызбасы бойынша қазақстандық теңгемен есептесетін, еурооблигациялардың сауда-саттықтары Биржада бұрынғы тәртіптемеде жүргізіледі. Осылайша, 2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап Қазақстан қор биржасында, АҚШ долларымен номинацияланған, листингілік еурооблигациялармен мәміле жасасудың екі тәртіптемесі қолжетімді болады: Т+0 сызбасы бойынша АҚШ долларымен клиринг және есептесумен, сондай-ақ Т+0 қазақстандық теңгемен "мәміледен кейін мәміле" тәртіптемесінде.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы

қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)